

*Түркістан облысы білім басқармасының
Төлеби ауданының білім бөлімінің
«Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МКҚК*

01-16

Меңгеруші жанындағы кеңестің хаттамалары

*5 жыл
16 тармақ(14)*

Қағаз жеткізгіштегі құжаттар және
олармен бірдей электрондық құжаттар.

2023-2024оқу жылы

05.09.2023 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

10. Құжаттарды реттеу, сапасын тексеру.
11. Топтардың жабдыкталуы және жаңа оқу жылына дайындығы.
12. Жаңа оқу жылына балалармен алғашқы талдау жұмысын жүргізу.

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева сөз алып жаңа оқу жылының басталуымен сәйкес құжаттардың реттілігін ,сапасын тексерілуі нәтижесін талқылады.Бөбекжай-атауының өзгеруіне байланысты Төлеби ауданының білім бөлімінің «Ақарыс»бөбекжай-бақшасы»МҚКҚ-ны деп құжат сыртын реттеп ,сапалы толтырылуы қадағалау керектігін ескертті.Жоспарға сай құжат жүргізу ,еңгізілген өзгерістер мен қағида қаулыларға сәйкес бұйрықтармен басшылыққа алынып құжат жүргізуді тапсырды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша топ тәрбиешілері жаңа оқу жылына топтардың жабдыкталуы және дайындығы туралы мәлімет жасады. Топ бұрышы,ата-ана бұрышы,топтың тізімі,толықтырылуы,ауыстырылуы бойынша,жалпы оқу жылына дайындықтары талқыланды.Оқу тәрбие жұмыстарына арналған дидактикалық материалдарды толықтыруды,жинақтауға ұсыныстар берілді.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып,қыркүйек айында жаңадан келген балалардың бейімделуі және топтардың оқу тәрбие жұмыстарының жүргізілуі бойынша талдау жасады.Бастапқы мониторинг нәтижесінің көрсеткіштері анықталды.Енді көрсеткішке сәйкес баланың жеке даму картасы толықтырылуы ескертілді.Төмен және орта деңгейде балалармен қосымша жеке дамыту жұмыстарын жүргізуді тапсырды.Сонымен қатар бекітілген күн тәртібіне сәйкес,тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасының жоспары бойынша жұмысты жауапкершілікпен орындауды тапсырды.Ата-аналармен тығыз байланыста болып,бала тәрбиелеуде ынтымақтаса жұмыс жүргізуге шақыруды ұсынды.

Шешімі:

1. Құжаттардың реттілігі,сапалы жүргізілуі сақталынсын.
2. Топтардың жабдыкталуына толықтырулар жүргізілсін.
3. Баланың жеке даму картасына сәйкес дамыту жұмыстары жүргізілсін.Оқу тәрбиелеу жұмысына қажетті көрнекі дидактикалық материалдар жинақталсын.

Кеңес төрайымы

Хатшысы



Кузенбаева А.Т

Нуралиева Ж.К

05.10.2023 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. Мәдени-гигиеналық дағдылардың орындалуы эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы
2. Ұжымға арналған тренинг «Қарым-қатынас мәдениеті».
3. «Алтын күз»ертеңгілігінің қортындысы «Тәуелсіздіктің таңы»тақырыбындағы тақырыптық іс-әрекет қортындысы.

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, мәдени-гигиеналық дағдылардың орындалуына талдау жүргізді.Сондай-ақ бөбекжайда эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы туралы айтып өтті.Топта тазалықтың сақталынуы ,заласыздандыру шамының орнатылуы,уактылы жуып шайылуы бәрі айтылды.Бөбекжайда тұмау немесе басқада себеппен ауырған балаларды қабылдамау,ата-анасына ескерту,дәрігердің анықтамсы бойынша себепін еңгізу туралы айтылды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша кәсіподақ төрайымы А.Кемелбекова сөз алып ұжымға арналған «Қарым-қатынас»мәдениеті тақырыбында тренинг ұйымдастырды. Ең бірінші бір-біріне жақсы тілек айтудан бастады.Әр түрлі жағдайларға мысал келтіріп,бір-бірімен диалог құруға шақырды.Дұрыс қалыпты қарым-қатынас туралы айтып өтті.Ересек адам көпшілік ортада өзін мәдениетті ,балаларға үлгі боларлықтай тұлға ретінде жүруі,жағымды эмоция көрсетуі тиіс екенін түсіндірді. Ұжымда дау-дамайға,кикілжіңге жол бермеу керектігі айтылды.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша ортаңғы «Балауса» ересек «Аяулым» топтарында 25-қазан Республика күніне орай «Тәуелсіздіктің таңы»тақырыбында өткізілген тақырыптық іс-әрекет бойынша талдау жасады.Ұйымдастырылған іс-әрекеттің мақсаты орындалды,балалар ұлттық рухани құндылықтарды біледі,атайды. Сонымен қатар топтарда өткізілген «Алтын күз»ертеңгілігінің қортындысын жасады. Балалар күз мезгілінің ерекшеліктерін ажырата біледі.Тақырыпқа сай ойындар жүргізіп балалардың қызығушылығын арттырды.Такпактар,ән айту,би билеуді де орындады.

Шешімі:

1. Бөбекжайда мәдени-гигиеналық дағдылардың орындалуы эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы қадағалансын.
2. Ұжымда жағымды эмоционалды жақсы қарым-қатынас жасау мәдениеті сақталынсын.
3. Ертеңгіліктің,тақырыптық іс-әрекеттің қортындысы жасалды ,қанағаттанарлық деп бағалансын.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Кузенбаева А.Т
Утегенова Г.А

14.11.2023 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Топтарда ата-аналар жиналысын өткізу.
- 2.Күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру.
3. Кітаптар көрмесінің қортынды нәтижесі.

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай меңгерушісі А.Кузенбаева сөз алып,алдағы уақытта ата-аналармен жиналыс өткізу барысын талқылады.Кәсіподақтың кезектен тыс,жиналысының қортындысына сәйкес бөбекжай меңгерушісінің міндетін уақытша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиеваға жүктелетіні айтылды.Алдағы ата-аналар жиналысында осы өзгерістер хабарлануы тиіс екенін айтты.Ата-аналармен тығыз байланыста жақсы қарым-қатынаста болуын ескертті.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып, балабақшада күн тәртібінің сақталуы және балалармен жүргізілетін жұмысты мерзімге байланысты ұйымдастыру туралы мәлімдеме жасады.Күз мезгілінің келуіне байланысты балаларды серуен кезінде жылы киіндіріп,ауа райына сәйкес жоспарлануы тиіс екені айтылды.Ортаңғы,ересек топтарда күн тәртібінің орындалуы талапқа сай екенін айтты.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып , бөбекжайда ата-аналардың қолдауымен ұйымдастырылған «Кітаптар көрмесінің» қортындысын жасады.Қызықты ертегілер,бейнелі сурет журналдар балалардың қызығушылығын арттырады.Ұялы телефонмен сілтемені көшіру арқылы түрлі қазақи ұлттық тілде ертегілерді көруіне болатынын ата-аналар да тамашалады.Ауыл кітапханасынан кітапханашы Гүлзия апайымызда қонаққа келіп көптеген кітаптармен таныстырды.

Шешімі:

1. Келтірілген мәселелер бойынша топтағы ата-аналарға хабарландыру берілсін.
2. Күн тәртібінің сақталынуы мен балалармен жұмыс жүргізу мерзімге байланысты ұйымдастыру жалғастырылсын.
3. Кітаптар көрмесінің қортындысы жасалды ,балалардың ертегі кітаптарға қызығушылығын арттыру бойынша жұмыс жүргізілсін.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Кузенбаева А.Т
Нуралиева Ж.К

05.12.2023 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Мерекелік іс-шаралардың қортындысы.
- 2.Денсаулық сақтау технологияларын дамыту бойынша балалармен жұмыстың жүргізілуі.
- 3.Жұмыс уақытындағы инструктаж.

1.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бөбекжай бақшасының міндетін уақытша атқарушы Ж.Нуралиева сөз алып желтоқсан айында өткізілген іс-шаралардың орындалуы бойынша қортынды жасады.Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіз елдің ұланымыз»атты тақырыптық іс-әрекет ұйымдастырылды.Ортаңғы ересек топтары Отан,Туған жер,ел Қазақстан,елбасы рәміздер бойынша мақал-мәтел, такпақтар айтып суреттер бейнеледі.Сондай-ақ «Келді міне жаңа жыл»тақырыбында жаңа 2024 жыл мерекесіне орай ертеңгілік ұйымдастырылды.Балалар көтеріңкі көңіл күймен ән айтып би биледі.Ойындар ойнады.Жалпы мерекелік іс-шараларды балалалар түсінеді,қабылдайды және орындайды деп қортынды жасалды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай тәрбиешілері денсаулық сақтау технологиялары бойынша балалармен жүргізілетін жұмыстарға талдау жасады.Дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының медициналық профилактикалық,ата-анаға кеңес беру бала денсаулығы бойынша тақырыпта ой бөлісіп әдіс алмасты.Тыныс алу жаттығулары,физикалық белсенділікті арттыру ойын-жаттығулары,өз-өзіне массаж,жалпақ табандылықтың алдын алу.Күнделікті дене шынықтыру іс-әрекетінде осы технологияда берілген әдістерді қолдану керектігі айтылды.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжайдың шаруашылық меңгерушісі м.у.а С.Калиева сөз алып жұмыс уақытында берілетін инструктаж(нұсқаулықтардың) сақталуы бойынша айтып өтті.Кенеске қатысушы қызметкерлерге еңбек барысындағы қауіпсіздік,өрт қауіпсіздігі жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіздік ережелерінің сақталынуы туралы айтты.Бөбекжай тәрбиешілері тәрбиеленушілердің қауіпсіздігіне тікелей жауапты екені түсіндірілді.Қауіпсіздік ережелерінің сақталуы орындалуы бойынша нұсқаулыққа жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Шешімі:

- 1.Желтоқсан айындағы мерекелік іс-шаралардың орындалуы бойынша нұсқаулыққа жауапкершілікпен қарауға шақырды.
- 2.Тәрбиеленушілермен дене шынықтыру іс-әрекетінде жаңа технологияларды,әдістерді қолдану жалғастырылсын.
3. Бөбекжайда еңбек атумен жұмыс барысындағы нұсқаулықтардың орындалуы,сақталуы қатаң қадағалансын.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Кузенбаева А.Т
Нуралиева Ж.

05.01.2024 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Мемлекеттік ЖМБСтандартының индикаторларының негізінде жасалған аралық мониторинг қортындысы.
2. «Үлгілі Отбасы»сурет салу байқауының қортындысы.
- 3.Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қортындысы.

1.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып, Мемлекеттік ЖМБСтандартының индикаторларының негізінде жасалған аралық мониторингке мәлімдеме жасады.Ұсынылған екзел кесте бойынша тәрбиеленушілердің бақылау парағы толтырылды. «Аяулым»ересек тобында 25 бала,ортаңғы «Балауса» 25 баланың жиынтық есебінің пайызы қанағаттанарлық екенін мәлімдеді.Анықталған көрсеткіш бойынша жеке даму картасында түзету іс-әрекетін толықтыруын тапсырды.Балалардың дағды бойынша білімдерін арттыруды айтты.Мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша ересек топ тәрбиешісі Г.Орынбаева «Үлгілі Отбасы »тақырыбында ата-аналармен байланыс орната отырып ,балалармен сурет байқауын ұйымдастырды.Нәтижесінде балалар отбасы мүшелерін толық атап таныстыруды ,ата-аналары қандай қызмет жасайтынын ,қандай мамандыққа қызығушылықтары бар екенін айтып өтті.Үлгілі отбасы тақырыбының мақсаты орындалды.Тәрбиеленушілердің жұмысы шығармашылық тақтасына ілінеді.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша кеңеске қатысушылар топ тәрбиешісі А.Кемелбекованың «Ертегілер елінде саяхат»атты ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінің қортындысына талдау жасады.Ересек «Аяулым»топ тәрбиешілері Г.Орынбаева,С.Сарыбаеваның «Менің Отбасым»атты тақырыпта өткізілген ашық іс-әрекеттің қортындысын жасады.Тәрбиешілердің іс-әрекетті ұйымдастыруы , мақсатының орындалуы балалардың қатысуы қанағаттанарлық деңгейде өткізілгені айтылды.Ойын түрінде білім беру бөлімдерінің қамтылуы ,кіріктірілуі туралы айтылды.Іс-әрекетте қолданылған әдістерді тәжірибеге тарату ұсынылды.

Шешімі:

- 1.Аралық мониторингтің мәліметі берілді деп есептелінсін.Жеке даму карталарына толықтырулар,түзетулер енгізілсін.
2. «Үлгілі Отбасы»сурет салу байқауының қортындысы жасалды деп есептелінсін.
- 3.Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеттердің қортындысы жасалды деп есептелінсін.

Кеңес төрайымы
Хатшысы



Нуралиева Ж.К
Утегенова Г.А

06.02.2024 Ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. Наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктердің өту сапасын талқылап ,күн тәртібін бекіту.
2. Бала өмірін ұйымдастыру.Тамақтану нормаларының орындалуы.

1.Тыңдалды:Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктердің өту сапасын талқылады.8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі және 22-Наурыз мерекесіне орай ертеңгілік ұйымдастырылуы туралы жоспар туралы айтылды.Балалардың дайындығы,топтың безендірілуі қажетті көрнекі құралдар туралы айтылды.Ата-аналармен тығыз байланыста болып,ертеңгіліктерге белсене қатысуын тапсырды.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай медбикесі С.Калиева сөз алып ,бала өмірін ұйымдастыру және тамақтану нормаларының орындалуы туралы мәлімдеме жасады.Бөбекжайда бекітілген күн тәртібіне лайықты балалардың уактылы мерзімге сай киінуі,таза ауада жиі серуендеуі,кимыл-қозғалыс дамыту жаттығуларының тұрақты жүргізілуі туралы да айтып өтті.Сондай-ақ тамақтану нормаларының ережеге сай сақталуы,берілуі туралы айтып өтті.Мәдени-гигиеналық тазалықты тәрбиешілер мен тәрбиеленушілер жатқа қолдануы тиіс.Әрі үнемі бақылауда ұстау қажет екені ескертілді.

Шешімі:

1. Мерекелік ертеңгіліктер бекітілген жоспарға сай ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Балалар өмірін ұйымдастыру күн тәртібіне сай жүргізіліп, тамақтану нормаларының орындалуы ережеге сай жүзеге асырылсын.

Кеңес төрайымы

Нуралиева Ж.К

Хаттамы

Утегенова Г.А

28.03.2024 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. Наурыз айында өткізілген мерекелік ертеңгіліктердің қортындысы
2. Көктем мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы
3. Дөңгелек үстел «Қимылды ойындар»жарысын ұйымдастыру

1.Тыңдалды Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары наурыз айында өткізілетін ертеңгіліктердің өту сапасын талқылады.8-наурыз мерекесіне орай ортаңғы топ «Аяулы Анашым» ересек топ «Айналайын ақ анам»атты тақырыпта ертеңгіліктің қортындысына талдау жасады. 22-Наурыз мерекесіне «Ұлыстың ұлы күні»атты мерекелік іс-шара өткізілді.Жоспарға сай балалар би билеп,ән –жаттау айтып,ұлттық ойындар ойнады.Тәрбиеленушілер мерекелік көңіл күйде болып, ертеңгілікке қызығушылықпен белсене атсалысып қатысты.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып, көктем мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықпен қайта таныстырылды.Ойын алаңшаларын таза ұстауға,серуен кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға,әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру барысында балалардың қауіпсіздік шараларын орындауға үйретілуі керек екені айтылды.Бөлме іші желдетіліп,балаларға қайнаған сусындар беріп,шаю, іс-шаралары күнделікті жүргізілуі ескертілді.Баланың қауіпсіздігіне тәрбиеші тікелей жауапты екенін түсіндірді

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай педагогтары «Қимылды ойындар»жарысын ұйымдастыру жоспарын талқылады.Аты айтып тұрғандай қыймыл қозғалыс жасай отырып дамыту ойындарын жүргізудің ерекшеліктерін атады.Баланы ептілікке,шапшаңдыққа,тез шешім қабылдауға ,ортамен қарым-қатынаста болуға баулып тәрбиелейтінін болжады.Алдағы сәуір айында топтарда қимылды ойындарды өткізуді жоспарлады.Сондай-ақ жаңа ойын технологияларын қолдануды ұсынды.Ол баланың қызығушылығын арттырады.

Шешімі:

1. Наурыз айында өткізілген мерекелік ертеңгіліктердің қортындысы жасалды деп есептелінсін.
- 2.Серуен кезінде балалармен жүргізілетін жұмыстың қауіпсіздік ережелерін сақтау нұсқаулығы таныстырылды.
- 3.Сәуір айында балалармен қимылды ойындар ұйымдастырылып өткізілсін.Жаңа ойын технологиялар қолданылсын.

Кеңес төрайымы

Хатшысы



Нуралиева Ж.К

Утегенова Г.А

26.04.2024 ж

Қатысқандар саны- 10

Күн тәртібі:

1. Қош бөл бөбекжайым»бөбекжай түлектеріне арналған күн тәртібін ертеңгілігін бекіту.
2. «Қимылды ойындар»жарысының қортындысы
3. Ата-аналармен жұмыс күйі

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжайда бітіруші түлектердің тізімі жасалып,коштасу ертеңгілігінің жоспары талқыланды.Балалар 3 жастан бастап 5 жасқа шейін бөбекжайда үйренген алған оқу тәрбие білімдерін ортаға көрсетуді және ата-аналарын қуантуды жоспарлаған қызықты көтеріңкі көңіл күй сыйлайтынын талқылады.Саз жетекші Г.Утегенова және тәрбиешілер С.Сарыбаева,Г.Орынбаева балалармен өткізілетін ертеңгіліктің ұйымдастырылуы бойынша ұсыныстары мен пікірлерін талқылады.Педагогикалық ұжымға ертеңгілікті жоспардағыдай өткізуі,жауапкершілікпен орындау ескертілді.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша ортаңғы «Балауса» және ересек «Аяулым»топтарында өткізілген «Қимылды ойындар»жарысының қортындысы жасалды.Жалпы жоспар бойынша өткізілген спорттық және қимылды ойындардың мақсаты орындалды.Бүлдіршіндер ойынға қызығушылықпен қатысты.Ептілікке шапшаңдыққа ұйымшылдыққа үйренді.Балалар көтеріңкі көңіл күймен ойын ережелерін дұрыс орындауға,бір-біріне көмек көрсетуге талпынды.Қимылды ойындар жарысының қортындысы қанағаттанарлық деп бағаланды.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып алдағы мамыр айында өткізілетін ата-аналар жиналысының ,яғни оқу жылының қортындысына талдау өткізілетінін айтты.Топ тәрбиешілері мен ата-аналар арасында бірлескен жұмыстарды,іс-әрекеттердің нәтижесімен бөлісуді тапсырды.Ұжымның оқу танымдық тәрбиелік әрекеттерін көрсету кажет.Ата-аналар тобына балаларды бақшада болу сәтінен үзінді іс-әрекеттерін,ойындарын ватсап чатқа жіберіп,байланыстарды арттыруды тапсырды.

Шешімі:

- 1.Іс-шаралар жоспарға сай ұйымдастырылып өткізілсін.
2. Қимылды,спорттық ойындардың қортындысы жасалды деп есептелінсін.
- 3.Ата-аналармен байланысты аартуру жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрайымы

Хатшысы



Нуралиева Ж.К

Утегенова Г.А

29.05.2024 ж

Қатыскандар саны- 10

Күн тәртібі:

- 1.Балалар білімін бақылау қортынды мониторингі.
2. «Қош бол,бөбекжайым»ертеңгілігінің қортындысы.
3. «Күл бүлдіршін,күліп жүр»балалар күніне арналған мерекелік іс-шаралар жоспарын бекіту.
4. «Үздік-бала портфолиосы»тәрбиеленушіні жетістігін мадақтауды ұйымдастыру.

1.Тыңдалды: Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай әдіскері Ж.Нуралиева сөз алып, Мемлекеттік ЖМБСтандартының индикаторларының негізінде жасалған қортынды мониторингке мәлімдеме жасады.Ұсынылған екзел кесте бойынша тәрбиеленушілердің бақылау парағы толтырылды. «Аяулым»ересек тобында 25 бала,ортаңғы «Балауса» 25 баланың жиынтық есебінің пайызы қанағаттанарлық екенін мәлімдеді.Анықталған көрсеткіш бойынша жеке даму картасында түзету іс-әрекетін толықтыруын тапсырды.Мониторинг педагогтардың бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі.

2.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжайда бітіруші түлектердің қоштасу ертеңгілігінің қортындысы жасалынды.Балалар бөбекжайда үйренген алған оқу тәрбие білімдерін ортаға көрсетіп ата-аналарын қуантып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Педагогикалық ұжымға ертеңгілікті жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізгені үшін, келген ата-аналар алғыс айтты.

3.Тыңдалды Үшінші мәселе бойынша педагог қызметкерлер 1-маусым балалар күніне арналған мерекелік іс-шаралардың жоспарын талқылады. «Күл бүлдіршін,күліп жүр»тақырыбындағы іс-шарада сайықмазақ кейіпкері балалардың көңіл күйін көтеріп түрлі ойындар жүргізіп,балаларға тәтті сыйлықтар беретіні жөнінде айтылды. Балалардың қауіпсіздігін сақтау тәрбиешінің басты міндеті екені ескертілді.

4.Тыңдалды Келесі мәселе бойынша бөбекжайда 2023-2024 оқу жылында «Үздік бала портфолиосы»тәрбиеленушінің жетістігін мадақтауды ұйымдастыру туралы ұсыныс айтылды.Топ тәрбиешілері балалардың жетістіктерін бағалап «Үздік бала портфолиосын»жинақтағаны үшін Жанбатыр Дулатты,Ержан Алфияны марапаттауды ұсынды.

Шешімі:

- 1.Балалардың білімін бақылау қортынды мониторингіне талдау жасалды «қанағаттанарлық»деп бағалансын.
2. Қоштасу ертеңгілігінің қортындысы жасалды деп есептелінсін.
- 3.Балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс-шара жоспарға сай өткізілсін.

Кеңес төрайымы

Орынбаева Г.Т

Хатшысы

Нуралиева Ж.К

